



## М. Дугластың “Тазалық пен Қауіп” еңбегіне талдау

Мэри Дуглас (1921 - 2007 жж) - мәдениет және символизм тақырыбындағы жұмыстарымен танымал британдық әлеуметтік антрополог. Ол әлеуметтік антропология саласында жұмыс істей отырып салыстырмалы дінтануға ерекше қызығушылық танытқан. Эмиль Дюркгеймнің ізбасары және құрылымдық талдаудың жақтаушысы болып саналады. Британ академиясының мүшесі болған (1989).

Мэри Дугластың әкесі Маргарет Мэри Тью британдық отаршылдық әкімшілікте қызмет еткен, оның анасы діндар католик болған, ал Мэри мен оның әпкесі осы сенімге сәйкес тәрбиеленген. М. Дуглас католиктік мектепте оқыған, кейін 1939 жылдан 1943 жылға дейін Оксфордта білім алған. Кейін колониялық істер министрлігінде жұмыс істеп, 1947 жылы оқуын жалғастыру үшін Оксфордқа қайта оралады. Ол үнді әлеуметтанушылары М.Н. Шринивас пен Эванс-Причардпен бірге оқыған. 1949 жылы М. Дуглас сол кездегі Бельгиялық Конго, Касай өзені аймағындағы Леле халқына далалық зерттеулер жүргізген.

1950 жылдардың басында М. Дуглас PhD дәрежесін алып, Джеймс Дугласқа тұрмысқа шығады. Дж.Дуглас та католик және отарлық отбасына тиесілі болған. Олардың ортақ үш баласы бар.

М. Дуглас Лондон университеттік колледжінде 25 жылдан астам сабақ берген. 1977 жылдан бастап ол Америка Құрама Штаттарында 11 жыл сабақ берген және жазушылықпен айналысқан (Нью-Йорктегі Рассел Сейдж институтында және Солтүстік-Батыс университетінде тиісінше мәдениеттану профессоры және гуманитарлық ғылымдар профессоры ретінде).

Оның тәуекел дәрежесін талдау және қоршаған орта, тұтыну және әл-ауқат экономикасы, азық-түлік және ритуал сияқты тақырыптарда еңбектері жарияланған, сонымен қатар оның жұмыстары антропологиялық шеңбердің сыртында да танымалдылыққа ие бола бастаған. 1966 жылы жарық көрген «Тазалық пен қауіп» еңбегі М. Дугласқа ғылыми атақ әкеледі.

1978 жылы эконометрик Барон Ишервудпен бірлесіп жазған «Тауарлар әлемі» атты еңбек жарияланады, ол экономикалық антропология саласындағы алғашқы еңбек болады.

2006 жылы М. Дуглас Британ империясы орденінің Ханым-қолбасшы атағына ие болып, 2007 жылы 16 мамырда Лондон қаласында 86 жасында рак ауруының асқинуынан қайтыс болады.

1966 жылы жазылған «Тазалық пен қауіп» еңбегі әлеуметтік антропологиядағы негізгі мәтін болып саналады. Аталған еңбек әртүрлі контекстердегі кір (лас, таза емес) ауызша белгілері мен мағынасын зерттейді. М. Дугластың пікірінше, кір (лас) деп - өз орнында тұрмаған нәрсені айтады (мұнда М. Дуглас Уильям Джеймске сүйенеді). Әртүрлі уақыттағы әртүрлі қоғамдардағы қасиетті, таза және таза емес ұғымдарының айырмашылықтарын анықтауға тырысады. Ритуалды, дінді және өмір салтын кешенді оқу, контекст пен әлеуметтік тарихтың рөліне баса назар аудара отырып, батыстың кір, ластану идеяларын сынға алуға мүмкіндік береді.

М.Дугластың ұсынылған еңбегі оның басқа да кітаптарының көпшілігі сияқты әлеуметтік өмір формалары мен оның когнитивтік және нормативтік құрамдас бөліктерінің өзара байланысын теориялық тұрғыдан түсінуге арналған. Кіріспеде автор 19 ғасырдағы ғалымдардың алғашқы қарабайыр діндер мен қазіргі діндерді бір-біріне үзілді-кесілді қарсы қоятын екі негізгі қате пікірлерін талдайды. Бірінші қалыптасқан қате түсінік – алғашқы қарабайыр діннің негізі – қорқыныш болса, екіншісі – қарабайыр діндердің қорлау және гигиена идеяларынан ажырағысыз екендігі.

«*Ритуалдық таза емес (кір, лас)*» атты бірінші тарауда автор өз заманы мен мәдениетіне тән кір (лас, таза емес), тазалық, киелілік туралы ой-пікірлер мәселесін қарастырады. Заманауи адам үшін киелілік тәндік және рухани тазалықты болжайды және оны арамдықтан қорғауды қажет етеді. Қарабайыр адамдар үшін киелілік туралы идеялар кейбір жағдайда бұған қарама-қарсы келеді. «Кез келген қарабайыр дінге тән қасиет киелі және таза еместің арасындағы нақты айырмашылықтың жоқтығы болып табылады», қарапайым діндерде және кейбір қарабайыр мәдениеттерде “әлем тыйым салынған нәрселер, ал қалғандарының барлығына тыйым салынбаған деп бөлінген”. Бұл тыйымдардың кейбіреулері құдайды қорлаудан, басқалары дүниені құдайлықтың қауіпті енуінен қорғауға арналған». Әулиемен байланыс екі жағынан да қауіпті деп есептеледі: ол әулиені қорлаумен қатар, өзіне жұқтыру қаупі бар.

«*Дүниелік ластану*» атты екінші тарауда М. Дуглас сикырлы рәсімдердің табиғатын қарастырады. Автор біздің лас (кір) туралы ойларымыз қарабайырлар сияқты символдық құрылымдарды бейнелейтінін дәлелдейді. Егер бактериялар мен микроорганизмдер әлі ашылмаған, кір деген ұғым бұрыннан бар болған уақытқа оралсақ, онда «кірдің ескі анықтамасын, яғни, өз орнында тұрмаған нәрсе» ретінде аламыз.

Автор «*Левит кітабындағы арамдық*» атты үшінші тарауын «идеяларды жүйелі ретке келтіруге қатысты» қорлау әрекеттері туралы көзқарастарға

арнайды. Бөтен мәдениеттегі ластану категориясын үзінділермен қарастыру мүмкін емес, тек біртұтас көзқарас қажет. Левит кітабына қатысты ең түсініксіз мәселелердің бірі - диеталық рецепттер. Оларды белгілі бір тағамға тыйым салуды қандай да бір түрде жіктеу арқылы түсінуге ұмтылу аясынан шығу арқылы ғана түсінуге болады.

М. Дуглас *«Ғажайыптар мен сиқыр»* тарауында еуропалық антропологтардың қарабайыр адам санасындағы ғұрыптық рәсімдер мен әрекеттер табиғат пен объективті шындыққа әсер ету қабілетіне деген сеніммен байланысты деген пікірін үлкен қателік деп санайды. Робертсон-Смит бірінші болып католиктік рәсімдер мен қарабайыр сиқырлар арасында параллель жүргізіп, қарабайыр және қазіргі заманғы діндер арасындағы түбегейлі айырмашылықтардың жоқтығына назар аударған. Сонымен қатар, рәсім адамның ғажайыпқа деген ежелден келе жатқан сенімімен байланысты. Ішкі тәжірибе міндетті түрде сыртқы көрініске ие болуы керек болғандықтан, рәсім кез келген дінге тән. «Қоғам үшін, дін үшін сыртқы пішін оның өмір сүруінің шарты болып табылады».

Автор *«Алғашқы әлем»* тарауын «неге қарабайыр мәдениет қорлау идеясына бейім, ал біздікі бейім емес» деген сұраққа жауап іздеуге арнаған. Қарабайыр адамның ерекше ойлау типі мәселесін тұжырымдауға алғаш рет Леви-Брюль әрекет жасайды. Ол қарабайыр адамның жоғары интеллектуалдық деңгейінің дәлелдерін жинап, оның ерекше белгілерін «оны қызықтыратын нәрсеге ешбір қатысы жоқ барлық нәрсеге қатысты қайтпас немқұрайлылық» деп анықтады. Қарапайым мәдениетті тұлғаланған әлем өз тәжірибесін түсіндіруге тырысатын бақылаушының айналасында айналатын мәдениет ретінде анықтауға болады. Антропоцентристік көзқарас әлемнің объективті бейнесін сөзсіз бұрмалайды, оқиғаларды түсіндіру өздігінен толығымен субъективті және эгоцентристік сипатқа ие сәттілік пен сәтсіздік категорияларына сәйкес келеді.

*«Күштер мен қауіптер»* тарауы ғұрыптық таза еместі түсіну үшін өте маңызды тәртіп пен тәртіпсіздік идеяларына арналған. Қарабайыр дүниенің қауіп-қатер картасын елестету үшін осы мәдениеттердің идеяларына сәйкес барлық қиындықтардың қайдан шығатынын түсіну керек. Адамдардың бір-біріне әсер ететін рухани күштері ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді, олар көбінесе басқарылатын және басқарылмайтын идеялармен байланысты. Сонымен қатар, адамдар әлеуметтік құрылым атынан бір-біріне ықпал ете алады: кейбіреулер қоғамға қауіп төндірсе, басқалары оны қорғайды.

Жетінші және сегізінші тараулар *«Сыртқы шектер»* және *«Ішкі контурлар»* адам тәнін кез келген шектеулі жүйенің үлгісі ретінде қарастырады: ол әмбебап, терең эмоционалды және ғұрыптық символизмге сәйкес келетін интимді және жеке сипатқа ие. «Егер біз тәнді қоғамның символы ретінде қарастыруға және адам тәнінде кіші масштабта қайталанатын әлеуметтік құрылымның ие болатын күштері мен қауіптерін ажыратуға дайын болмасақ, біз дене секрециясына қатысты рәсімдерді түсіндіре алмауымыз мүмкін».

*«Жүйе өзімен-өзі соғысу жағдайында»* атты тарауында Мэри Дуглас жүйенің өзіне тән қақтығыстарын қарастырады. Гендерлік айырмашылықтар бірінші кезектегі әлеуметтік айырмашылықтар болып табылады және барлық қоғамдарда олармен бірқатар маңызды әлеуметтік институттар байланысты. Бірақ әр қоғам әлеуметтік құрылымдардың әртүрлі жыныс өкілдеріне мінез-құлық ережелерін жүктейтін қатаңдық дәрежесін өзінше анықтайды, тіпті шешілмейтін қайшылықтар негізінде құрылған мәдениеттер де бар. Олардың пікірінше, әйелдер мен жыныстық қатынас қауіпті, бірақ әйелдерден ғана келетін және тек еркектерге ғана қауіп төндіретін ерекше қауіптердің тұтас жүйесі бар. Шын мәнінде, жыныстардың антагонизміне негізделген қоғамда жыныстардың бір-біріне қауіптілігі туралы түсініктер еріксіз орын алады.

Кітаптың соңғы тарауы қарабайыр және қазіргі заманғы мәдениеттер арасындағы барлық айырмашылықтарға қарамастан, олардағы ұқсастықтардың көбірек әрі күштірек екенін көрсетеді. Кітап барлық адамдарға сенім жүйесі қажет, сондықтан біртұтас қауіп теориясына жаңа тұтас көзқарас қажет деген қорытындымен аяқталады.

*«Ыдыраған және жаңарған жүйе»* тарауында автор ең бастапқы сұраққа оралады: кір (лас, таза емес) табиғатының анықтамасы. «Кір түсінігі сананың саралау қызметінің нәтижесінде пайда болды, ол құрылыс тәртібінің жанама өнімі. Демек, пішінсіздік - бастаулар мен өсу үшін, сондай-ақ құлдырау үшін қолайлы символ». Кір (лас, таза емес), автордың анықтамасы бойынша, шығармашылық. Кірге деген көзқарас заттардың бірлігінің символдық көрінісіне берілген қауіптілік дәрежесіне байланысты түрленеді.

Екінші жағынан, символдық тазалық қарастырылады. Тазалыққа бас тарту арқылы қол жеткізіледі және өлімге әкелетін суық, бедеу пішінмен байланыстыралады. «Тазалық – өзгерістің, екіұштылық пен ымыраның жауы». Жыныстық тазалық - жойылып кету қаупі, жыныстық қатынастан бас тарту мен бедеулік. Сондықтан тазалықтың қатаң үлгісі қайшылықтармен, екіжүзділікпен және үлкен қолайсыздықтармен

байланысты болады. Біртұтас философия ғана өмірдің барлық формаларын растай алатын жалғыз дұрыс философия бола алады, сондықтан біз «кірді жоққа шығаратын» және «кірді бекітетін» жүйелердің болуы туралы айта аламыз, десе де тек соңғысы ғана дамыған пессимистік элементтер желісімен шын мәнінде біртұтас бола алады.

*«Тазалық пен қауіп»* кітабы қарабайыр адамды оңалтады: оған парасатты ойлау қабілеті берілген, қарабайыр діндердегі жіктеу схемаларының барлық үлгілері қоғам үлгісінде құрылған, ал тыйымдар, шын мәнінде, қоғамды жеке адамдардың деструктивті мінез-құлқынан қорғауға бағытталған. Іс жүзінде қазіргі заманауи адам мен қарабайыр адамның ойлау жүйесінде түбегейлі айырмашылықтар жоқ, керісінше тәжірибені жіктеу мен ретке келтіруде ортақ нәрселер баршылық.